

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы ережені бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2625. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 264 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.07.15 № 264 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған жекеше нотариустарды есепті тіркеу туралы ереже
б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 13 наурыздағы N 178 бұйрығының (Әділет министрлігінде N 653 тіркелген, 1998 жылғы 30 қарашада N 8 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған) күші
ж о й ы л д ы деп т а н ы л с ы н .

3. Әділет департаменттерінің бастықтары осы ереженің іске асуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет вице-министрі
С.Н. Баймағамбетовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

" Ж е к е ш е н о т а р и у с т а р д ы
е с е п т і к т і р к е у т у р а л ы
е р е ж е н і б е к і т у т у р а л ы "
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 2 6 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы ереже

Ескерту. Ережеде бүкіл мәтін бойынша «аумақтық әділет органында», «аумақтық әділет органы», «аумақтық әділет органының», «аумақтық әділет органына» деген сөздер «әділет департаментінде», «әділет департаменті», «әділет департаментінің», «әділет департаментіне» деген сөздермен ауыстырылды - **Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.**

1. Осы Ереже "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының негізінде әзірленді және жекеше нотариустарды есептік тіркеудің шарты мен тәртібін айқындайды.

2. Жеке нотариустарды есептік тіркеу (бұдан әрі - есептік тіркеу) келу сипатында болады және Конкурстық комиссияда оң қорытынды алған және нотариаттық палата мүшелігіне енген адамды тиісті нотариаттық округтің жекеше нотариустары туралы деректер банкін қалыптастыру мақсатында әділет департаментінде есепке қою болып табылады. V050003547

3. Конкурстық комиссияда оң қорытынды алған және нотариаттық палата мүшелігіне енген адам (бұдан әрі - өтініш беруші) әділет департаментінде есептік тіркеуден өту үшін белгіленген нысанда өтініш береді (1-қосымша).

Өтінішке мынадай құжаттар:

1) кадрларды есепке алу жөніндегі фотосуреті бар жеке іс парағы (нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы мен байланыс телефоны көрсетілген);

2) жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасы азаматы төлқұжатының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) нотариаттық палатаға мүше болып енуі туралы нотариаттық палата басқармасының шешімінен үзінді;

5) егер өтініш беруші бұрын басқа нотариаттық округте нотариаттық қызмет жасаған жағдайда, тиісті нотариаттық округте есептік тіркеуден шығару туралы әділет департаменті бұйрығының көшірмесі қоса беріледі.

Есептік тіркеуге қою туралы өтінішті әділет департаменті ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде қарайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

4. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша әділет департаменті өтініш берушіні есептік тіркеуге алу туралы шешім қабылдайды және нотариаттық палатамен бірлесіп бос орын жарияланғаннан оған қызмет аумағын айқындайды.

Есепті тіркеуге алу және қызмет аумағын белгілеу туралы шешім әділет

департаментінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен нотариаттық палатаның келісімі бойынша ресімделеді.

5. Өтініш берушіні есептік тіркеуге алу және оған қызмет аумағын белгілеу туралы мәлімет Жекеше нотариустардың есептік тіркеу кітабына (бұдан әрі - кітап) енгізіледі (2-қосымша).

6. Кітап әділет департаментінде жүргізіледі.

Кітаптағы парақтар қатталып тігілуге, нөмірленуге және әділет департаментінің мөрімен бекітілуге тиіс.

Онда енгізілген мәліметтердің толықтығына, шынайылығына, уақтылы мен өзектілігіне, сондай-ақ оның сақталуына әділет департаменті бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушының бұйрығымен белгіленген әділет департаментінің қызметкері жауапты болады.

7. Есептік тіркеуге қоюдан осы Ереженің 3-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін бермеген жағдайда бас тартылуы мүмкін.

Есептік тіркеуге қоюдан бас тартуға сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

8. Есептік тіркеуге алынған адам (бұдан әрі - жекеше нотариус) бір ай мерзімде әділет департаментіне:

1) әділет департаменті мен нотариаттық палата белгілеген қызмет аумағында үй-жайдың барлығын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін (жалға беру, сатып алу-сату шарты және т.б.);

2) салық органында жекеше нотариусты салық төлеуші ретінде тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесі;

3) жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

4) жекеше нотариустың жеке мөрін дайындау туралы өтінішті ұсынады.

9. Әділет департаменті осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттар келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде:

1) жекеше нотариустың үй-жайын "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 4-тармағының және 21-бабы 4-тармағының талаптарына оның сәйкестігін тексеруді;

2) нотариустың жеке мөрін дайындауға тапсырысты жүзеге асырады және оны нотариусқа заңнамада белгіленген тәртіппен беруді жүргізеді.

10. Жекеше нотариус жеке мөрді алған соң әділет департаменті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жекеше нотариустың жеке анкетасын он күнтізбелік күннің ішінде (3-қосымша) жібереді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

11. Жекеше нотариустың тегі, аты, әкесінің аты немесе оның үй-жайының орналасқан жері өзгерген жағдайда әділет департаменті Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігіне бұл өзгерістер туралы мәліметті жекеше нотариустан тиісті мәліметтер келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде ұсынады.

Бұл ретте жекеше нотариус өзінің тегін, атын, әкесінің атын не үй-жайының орналасқан жерін өзгерткені туралы өзінің ақпаратына әділет департаментіне өзгеріс орын алғанын растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

12. Жекеше нотариус нотариаттық палата мүшелігінен шығу туралы өтініш бергенде нотариаттық палата үш жұмыс күнінің ішінде әділет департаментіне х а б а р л а й д ы .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.04.20 № 129 Бұйрығымен.

13. Жекеше нотариустың оның нотариаттық палатадан шығатыны туралы хабарлама келіп түскен соң әділет департаменті нотариаттық палатамен бірлесіп бір ай мерзімде мынадай іс-шараларды:

1) жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын тексеруді және жекеше нотариустың анықталған бұзушылықтарды жоюын;

2) жекеше нотариаттық мұрағатқа нотариаттық құжаттарды қ а б ы л д а п - т а п с ы р у д ы ;

3) жекеше нотариустың жеке мөрін алып қою мен жоюды;

4) Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жекеше нотариустың лицензиясын алып қоюды және Әділет министрлігіне жіберуді жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген іс-шараларды өткізу үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайларда, әділет департаментінің бастығы немесе оның міндетін атқарушы адам және нотариаттық палатаның төрағасы мерзімдерді кемінде бір айға ұзарта алады.

14. Осы ереженің 13-тармағында көзделген өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде, сондай-ақ нотариусты нотариаттық палатаның мүшелігінен шығарған соң әділет департаменті жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Осындай шешімді қабылдауға негіздеме көрсетілген іс-шаралардың өткізілгенін, сондай-ақ нотариаттық палата мүшелігінен шығарылғанын растайтын құжаттар болып табылады.

15. Жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы шешім әділет департаменті бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушының бұйрығымен ресімделеді.

16. Жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы мәлімет Жекеше нотариустарды есептік тіркеу кітабына енгізіледі.

3. Туған жері _____

4. Білімі _____

(жоғарғы оқу орнының атауы және оны аяқтаған күні)

5. Диплом бойынша мамандығы _____

_____ ж. " ____ " _____ N _____ диплом

6. Жалпы жұмыс стажы _____

7. Заң мамандығы бойынша жұмыс стажы _____

оның ішінде нотариус _____

8. Нотариаттық палата мүшелігіне енген күні _____

басқа палаталарға мүшелігі _____

9. Есептік тіркеу күні _____

10. Сақтандыру компаниясының атауы және жекеше нотариустың
азаматтық-құқықтық жауапкершілігі туралы шарт жасасқан күні

11. _____ Жеке куәлік (төлқұжат):

N _____ кім берген _____ берілген күні _____

12. Үйінің мекен-жайы _____

үй тел. _____

13. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мекен-жайы _____

жұмыс тел. _____

Мемлекеттік лицензия нөмірі | жекеше нотариустың | жекеше нотариус

және оның берілген күні | жеке мөрінің үлгісі | қолының үлгісі